



## Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 2000 жылғы 16 мамырдағы N 209 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1165. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу тәртібін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 206 V970328\_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтыру бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он күннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесі туралы" 1997 жылғы 23 мамырдағы N 206 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтыруды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтыруды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелеріне жіберсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Сембиев Н.Қ.) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 206 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2000 жылғы 16 мамырдағы

№ 209 қаулысымен бекітілген

### **Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне өзгерістер мен толықтыру**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы № 206 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюта операцияларын жүргізу ережесіне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 3.03-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Валюта операцияларын жүргізген кезде ол бойынша лицензия немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде тіркелгені туралы куәлік талап етілетін заңды тұлға-резиденттер уәкілетті банкке осындай лицензиялар немесе тіркеу туралы куәліктің түпнұсқаларын және көшірмелерін беруге міндетті. Берілген құжаттар тексерілгеннен кейін олардың көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары заңды тұлғаға қайтарылады. Сонымен бірге уәкілетті банк тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасына немесе капитал қозғалысына байланысты операциялар жүргізуге берілген лицензияға төлем жасалған күндер мен төлем сомалары туралы белгі қоюға тиіс";

2. 3.04-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жөніндегі ұйымның жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдары (депозиттері) бойынша өтем жасау үшін ішкі рынокта шетел валютасын сатып алуына болады."

3. 5.03-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Валюта операцияларын жүргізген кезде ол бойынша лицензия немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде тіркелгені туралы куәлік талап етілетін жеке тұлға-резиденттер уәкілетті банкке осындай лицензиялар немесе тіркеу туралы куәліктің түпнұсқаларын және көшірмелерін беруге міндетті. Берілген құжаттар тексерілгеннен кейін олардың көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары жеке тұлғаға қайтарылады. Сонымен бірге уәкілетті банк тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасына немесе капитал қозғалысына байланысты операциялар жүргізуге берілген лицензияға төлем жасалған күндер мен төлем сомалары туралы белгі қоюға тиіс";

4. 6.02-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын шетел валютасын Қазақстан Республикасынан әкеткен кезде Қазақстан Республикасының кеден органдарына баламасы үш мың АҚШ долларынан асатын сомаға құжат ұсыну қажет".

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Оқығандар:

О м а р б е к о в а     А . Т .

Балабекова Г.Г.